

Бастауыш кәсіподақ ұйымының хаттамасының көшірмесі

№4 ХАТТАМА

Ақтөбе қаласы

«2» маусым 2023 жыл

Барлығы -114
Қатысқаны-114
Қатыспағаны -0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымының жылдық есебі.
2. М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия педагогтарын Оқу – ағарту министрінің марапаттауына ұсыну.

ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Л.Ж.Барышева:

-Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 8 тамыздағы №324 бұйрығымен бекітілген салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы заңға сәйкес гимназия мұғалімдерін Оқу – ағарту министрінің марапаттауына ұсынамыз.

2-мәселе бойынша директордың оқу ісі орынбасары Ж.М.Матаева:

-Оқу – ағарту министрінің марапаттауына бұрынғы гимназия басшысы, құрметті ұстазымыз, зейнеткер Алтынбаева Зәуреш Болысбекқызын төмендегі еңбек жолдары мен жетістіктерін ескере отырып, «Қазақстан Республикасы Еңбек ері» марапатына ұсынылады.

Еңбек жолы мен жетістіктері:

Алтынбаева З.Б.- С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын мектепте аға вожатыйлықтан бастап, комсомол секретары, бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиеші болып, орыс мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Сынып жетекшісі, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

1986 жылы қалалық білім беру ісі жөніндегі басқармасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен әдіскер, 1993 жылы қала әкімі жанынан құрылған тілдер комитетінің төрағасы, 1996 жылдан бері № 32 мектеп – гимназияның директоры қызметін атқарады.

Зәуреш Болысбекқызы қай қызметте болмасын істі тыңғылықты, аса жауапкершілікпен атқарады. Өз ісіне бар жан – тәнімен берілген ұстаз-басшы-еңбек иінінде шеберленген жан. Әр істің түйінін таба білетін іскер басшы өзінің даралығымен, тың ойларымен, ұстаздық шеберлігімен ерекшеленеді. Зәуреш Болысбекқызы іс-тәжірибесін әр уақытта баспа беті, радио, теледидар арқылы жұртшылықпен бөлісіп отырады. Мемлекеттік тілді дамыту бағытында радио, теледидар арқылы сабақтар жүргізді. Ұстаздық жолындағы іс-тәжірибелері жинақталып, жұртшылыққа ұсынылды. «Қазақ тілі Халықаралық қоғамының», «Қалалық әйел және жанұя» кеңесінің мүшесі, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Жыл директоры -97» конкурсының жеңімпазы, қала әкімінің сыйақысының лауреаты, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалінің иегері. ҚР білім министрінің құрмет грамотасымен, қалалық және облыстық білім басқармасының құрмет грамоталарымен марапатталды.

1996-97 оқу жылында Зәуреш Болысбекқызының басшылығымен мектеп – гимназияда мұражай, 1997-98 оқу жылында жаңа түрдегі мектептің педагогикалық моделін құрастыру мақсатында ғылыми-педагогикалық лаборатория ашылды. Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында «Денсаулық орталығын» ашты. Орталықта салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін бассейн, сауна, массаж, физиотерапия кабинеттері жұмыс жасады.

З.Б. Алтынбаеваның инициативасымен мектеп-гимназия Халықаралық білім беру қозғалысының Еуропалық форумының «XXI ғасырдың әдемі мектебі» сайысына қатысып, 1998 жыл дипломант, 1999 жылы ең үздік жеңімпазы атанды. 1999 жылы халықаралық дәрежедегі «Әдемі мектеп» статусын иеленді.

Мектеп – гимназияда дарында оқушылармен жұмыс жүргізетін «Жас талап» ғылыми орталығы жұмыс жасады. Олимпиада, ғылыми жоба қорғау жарыстарына қатысушы дарынды оқушыларға Зауреш Болысбекқызы ерекше жағдай жасап, қосымша білім беріп, тереңдете оқытуға мән беріп отырды.

Зауреш Болысбекқызы Алтынбаева – іскер басшы, шебер тәлімгер, өзі көп ізденумен қатар педагогикалық ұжымды да ізденуге, шығармашылыққа бағыт бағдар беруші ұстаз болды.

Еңбек жолының соңында Ақтөбе гуманитарлық – техникалық колледжінде қызмет атқарды.

Педагогикалық шеберлігі, терең білімділігі, адамдармен тіл табыса беретін қасиеттері, ұйымдастыру қабілетінің жоғары деңгейлігі арқасында үлкен беделге ие болды.

Алтынбаева Зауреш Болысбекқызының кандидатурасы №32 гимназияның Бастауыш кәсіподақ ұйымының жиналысында талқыланып ұсынылды.

Шешім:

1. Алтынбаева Зауреш Болысбекқызы «Қазақстан Республикасының Еңбек ері» марапатына ұсынылсын.

М.Құрманғалиева атындағы
Бастауыш кәсіподақ ұйымы



[Signature]

Л.Ж.Барышева

Хатшы:

[Signature]

Ж.Қ.Бекбергенова